

# Mi Robot Vacuum Mop робот-шаңсорғышы

## Пайдаланушы нұсқаулығы



### Мі ылғалдап тазалау функциясы бар робот-шаңсорғышын таңдағаныңызға алғыс білдіреміз!


Mi Robot Vacuum Mop ылғалдап тазалау функциясы бар робот-шаңсорғышы — барынша ыңғайлы және тиімді тазалау үшін жасалған әмбебап интеллектуалды құрылғы. Робот-шаңсорғыш дәлдігі жоғары қозғалыс датчиктерімен және инновациялы визуалды шарлау жүйесімен жабдықталғандықтан, ол айналасындағы нысандарды картада белгілеп, тазалау бағдарын жасай алады. Кедергілерді интуитивті деңгейде анықтау функциясы мен биік дөңгелекті конструкцияның арқасында, ол үйдегі күрделі бағдарлардан оңай өтеді. Тазалап болғаннан кейін, робот-шаңсорғыш зарядталу үшін док-станцияға автоматты түрде оралады. Құрылғы жоғары қуатпен сору жүйесін және электронды түрде басқарылатын ылғалдап тазалау жүйесін қолданады, ол осылайша алдындағы қоқысты жинап алып және артындағы еденді жуып отырып, тамаша нәтижені қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Mi Home / Xiaomi Home қолданбасындағы түймені бір рет басу арқылы тазалауды оңай жоспарлауға, оның режимдерін ауыстыруға және тиісті картаны қарауға, үйді таза ұстауға мүмкіндік береді. Ылғалдап тазалау функциясы бар робот-шаңсорғышты таңдағаныңызға алғыс білдіреміз, ақылды үй келешегіне қош келдіңіз!

Осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығып, оны аспаппен одан әрі жұмыс істеу кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Осымен, Dreame Technology (Tianjin) Limited компаниясы STYTJ01ZHM радиожабдық типі 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді. ЕО-ның нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні келесі мекенжай бойынша қолжетімді: <http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html>

## Құрылғымен таныстыру

### Ылғалдап тазалау функциясы бар робот-шаңсорғыш



#### 🔌 Қуат көзі/тазалау түймесі

Қуат көзін қосу немесе ажырату: 3 секунд бойы басып тұрыңыз.  
Тазалау: робот-шаңсорғышты қосқаннан кейін тазалауды бастау үшін басыңыз.

#### Күй индикаторы:

Ақ түс: тазалау процесі немесе тазалауды аяқтау.  
Жыпылықтап тұрған ақ түс: тазалауды тоқтату.  
Жыпылықтап тұрған көк түс: желіге қосылу.  
Жыпылықтап тұрған қызғылт-сары түс: қате.

#### 🏠 Нүктелі тазалау/Қайту түймесі


Робот-шаңсорғышты док-станцияға заряд алуға жіберу үшін басыңыз.

Нүктелі тазалау режиміне өту үшін 3 секунд басып тұрыңыз.

#### Күй индикаторы:

Жыпылықтап тұрған ақ түс: заряд алу үшін док-станцияға оралу (аккумулятор қуатының қалыпты деңгейі).  
Жыпылықтап тұрған қызғылт-сары түс: заряд алу үшін док-станцияға оралу (аккумулятор зарядының деңгейі төмен).  
Лүпілдеп тұрған ақ түс: зарядтау (аккумулятор зарядының деңгейі қалыпты).  
Лүпілдеп тұрған қызғылт-сары түс: зарядтау (аккумулятор зарядының деңгейі төмен).  
Ақ түс: зарядтауды аяқтау.

Ескертпе: тазалау уақытында робот-шаңсорғышты тоқтатып қою, док-станцияға оралу немесе нүктелі тазалау режимінде болу үшін кез келген түймені басыңыз.




#### Визуалды навигация датчигі

Wi-Fi желісін бастапқы күйге келтіру:

🔌 және 🏠 түймесін бірге 3 секунд басып тұрыңыз.

## Құрылғымен таныстыру


### Керек-жарақ




Зарядтауға арналған док-станция




Тазартуға арналған құрал




Электр қуатының сымы



Су резервуары




Ылғалдап тазалауға арналған сорғыш



Қапталдағы щетка


### Шаң жинайтын контейнер




### Робот-шаңсорғыш



## Датчиктер




Инфрақызыл тежеу датчигі




Соққыдан қорғайтын буфер

## Зарядтауға арналған док-станция




Сигнал қабылдау аясы  
Зарядтау контактілері  
Қуат сымның ағытпасы



Құлау датчигі  
Жан-жаққа қаратылған дөңгелек  
Зарядтау контактілері  
Қозғалыс датчигі  
Қапталдағы щетка  
Негізгі дөңгелектер  
Негізгі щетка  
Щетканы қорғайтын қысқыштар  
Су резервуары

## Орнату

1. Док-станцияны қабырғаның қасына тегіс жерге орналастырып, оны розеткаға қосыңыз.



Ескерте: док-станцияның қапталынан кем дегенде 0,5 м және алдыңғы жағынан 1,5 м бос кеңістікті қамтамасыз етіңіз. Электр қуатының сымын док-станцияға жалғал, еден бетінде сымдар мен заттардың (оның ішінде зарядтау станциясының қуат көзі сымы) жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз, өйтпесе оларға құрылғы оралып қалуы әрі заттарды зақымдауы мүмкін.

2. Робот-шаңсорғышты қосып, зарядтап алыңыз.

Түймесін басып тұрыңыз. Индикатордың қосылуын күтіңіз, содан кейін құрылғыны док-станцияға орнатыңыз.

Ескерте: заряд деңгейі тым төмен болғанда, құрылғы қосылмай қалуы мүмкін. Құрылғыны зарядтап алу үшін док-станцияға қойыңыз.



Заряд деңгейінің индикациясы  
Ақ түс: аккумулятор зарядының деңгейі 15 %-дан асады.  
Қызғылт-сары: аккумулятор зарядының деңгейі 15 %-дан кем.

3. Mi Home / Xiaomi Home қолданбасына қосылыңыз

Әнім Mi Home / Xiaomi Home\* қолданбасымен жұмыс істейді. Осы қолданбада өз құрылғыңызды басқарыңыз және басқа да үй құрылғыларымен өзара әрекет етіңіз.

QR-кодты сканерлеңіз немесе қолданбаны жүктеп алу және орнату үшін App Store-да «Mi Home / Xiaomi Home» деп жазып іздеңіз. Егер қолданба орнатылып қойса, қосылысты баптау бетіне бағытталаңыз.

Mi Home / Xiaomi Home қолданбасын ашып, жоғары оң жақ бұрышта «+» белгісін басыңыз да, құрылғы қосу нұсқаулығын орындаңыз.



\* Еуропада қолданба «Xiaomi Home» деп аталады (Ресейден басқа елде). Сіздің құрылғыңызда көрсетілетін қолданба атауы әдепкі мәні бойынша қабылдануы тиіс.

Ескерте: қолданба нұсқасы жаңаруы мүмкін. Қолданбаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.

Wi-Fi желісін бастапқы күйге келтіру

Егер телефон мен робот-шаңсорғыш арасындағы байланыс маршрутизатордың қайта бапталуынан, қате құпиясөз енгізу салдарынан немесе басқа да себепке байланысты ажырап кетсе, робот-шаңсорғыштың қақпағын ашып, Wi-Fi индикаторын қараңыз. Желі конфигурациясын күту туралы хабарламаны естігенше және түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз. Индикатор баяу жыпылықтап, Wi-Fi баптаулары бастапқы күйге келтірілгенін білдіреді.

#### 4. Ылғалдап тазалау модулін орнатыңыз

а. Ылғалдап тазалауға арналған сорғышты орнатыңыз. Сорғышты суға малып, артық суды сығып тастаңыз. Сорғышты сенімді түрде бекітілгенше су резервуарының ойығына тірелгенге дейін салыңыз.



Ескертпе: ылғалдап тазалау модулін пайдаланғанда бақылап отырыңыз. Робот-шаңсорғыш кілемдердің үстіне шығып кетпес үшін, беет ретінде заттарды пайдалануға болады.

ә. Су резервуарын толтырыңыз. Су резервуарының қақпағын ашып, оны суға толтырыңыз және қақпақты мықтап жауып қойыңыз.


Ескертпе: еденге арналған жуғыш және дезинфекциялағыш заттардың кейбір түрі резервуардың сүзгісін бітеп тастауы мүмкін. Өнімді таңдаған кезде сақ болыңыз.

б. Ылғалдап тазалау модулін орнатыңыз.

Ылғалдап тазалау модулін көрсеткіге сай тегістеп, содан кейін оны робот-шаңсорғыштың артқы бөлігіне сырт еткен дыбыс естілгенше итеріп кіргізіңіз.



#### 5. Тазалауды бастау


Қуат көзінің индикаторы ақ түспен лүпілдеуін тоқтатып, тұрақты жарқырай бастауы құрылғының толық заряд алғанын білдіреді. Тазалауды бастау үшін  түймесін басыңыз немесе Mi Home/ Xiaomi Home қолданбасын пайдаланыңыз.

Ескертпе: судың қалыпты ағынын және тазалау тиімділігін қамтамасыз ету үшін, тазалауға арналған сорғышты 30 минут пайдаланғаннан кейін жуу керек.

#### 6. Ылғалдап тазалау модулін шешіп алу



Робот-шаңсорғыш тазалауды аяқтағаннан кейін және заряд алу үшін док-станцияға оралғаннан кейін, ылғалдап тазалау модулінің бүйір қысқыштарын басып, тартып шығарып алыңыз.

Ескертпе: робот-шаңсорғыш заряд алып тұрғанда немесе пайдаланылмай тұрғанда, ылғалдап тазалау модулін шешіп алып, резервуарда қалған суды тегіп тастаңыз және зең мен жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін ылғалдап тазалауға арналған сорғышты тазалаңыз.




## Пайдалану

#### Қосу және өшіру

 түймесін басып тұрып, робот-шаңсорғышты қосыңыз. Егер қуат көзінің индикаторы біркелкі ақ түспен жанып тұрса, демек робот-шаңсорғыш күту режимінде тұр. Шаңсорғышты өшіру үшін, ол тоқтап тұрғанда  түймесін басып тұрыңыз. Робот-шаңсорғыш өшкенде, ағымдағы тазалау тапсырмасын аяқтайды.

Ескертпе: құрылғы зарядталып тұрғанда, оны өшіруге болмайды.

#### Тазалау

Тазалауды бастау үшін  түймесін басыңыз. Тазалауды уақытша тоқтату үшін кез келген түймені басу керек.



Ескертпе: робот-шаңсорғыш аккумулятор зарядының деңгейі төмен болғанда тазалауды бастай алмайды. Тазалауды бастамас бұрын оны зарядтап алыңыз.

Тазалау кезінде робот-шаңсорғыштың аккумуляторының заряды таусуына жақын қалса, ол заряд алу үшін автоматты түрде док-станцияға оралады. Ол толығымен заряд алып болған кезде, тазалауды тоқтатпалған жерден жалғастырады.

Тазалау алдында робот-шаңсорғыш көбілдерге оралып қалмас үшін жерде жатқан барлық көбілді (соның ішінде док-станцияның электр қуат көбілі) жылып қойыңыз, себебі электр құрылғылары кездейсоқ ажырап қалуы немесе нысандар не көбілдер заымдануы мүмкін.

Егер тазалау 10 минутқа жетпей аяқталып қалса, шаңсорғыш оны қайтадан орындайды.

#### Зарядтау



Автоматты режим: тазалап болғаннан кейін, робот-шаңсорғыш автоматты түрде зарядталу үшін док-станцияға қайтады. Қолмен орындалатын режим: егер робот-шаңсорғыш уақытша тоқтатылса, оны  түймесін басып, зарядтауға арналған док-станцияға қайтарыңыз.  түймесінің индикаторы құрылғыны зарядтау уақытында лүпілдеп тұрады.

Лүпілдеп тұрған қызғылт-сары түс: аккумулятор зарядының деңгейі 15%-дан кем. Лүпілдеп тұрған ақ түс: аккумулятор зарядының деңгейі 15%-дан асады.

Ескертпе: егер робот-шаңсорғыш док-станцияның орналасқан жерін анықтай алмаса, ол автоматты түрде бастапқы тазалау күйіне оралады. Мұндай жағдайда робот-шаңсорғышты док-станцияға қолмен орналастырыңыз.

#### Кідіру күйі

Тазалау уақытында робот-шаңсорғышты тоқтата тұру үшін кез келген түймені басыңыз.

Тазалауды жалғастыру үшін  түймесін басыңыз. Тазалау бойынша ағымдағы міндетті аяқтау және робот-шаңсорғышты зарядтауға арналған док-станцияға қайтару үшін  түймесін басыңыз.


Ескертпе: кідіріс уақытында құрылғыны зарядтау станциясына орнатсаңыз, ағымдағы тазалау жұмысы аяқталады.


Егер тазалауды жалғастыру қажет болса, робот-шаңсорғышты тоқтатылған күйінен іске қосыңыз.


## Пайдалану

### Тазалау әдістері

Робот-шаңсорғыш іске қосылғаннан кейін әр бөлмені S-тәрізді схема бойынша тазалайды, содан кейін тазалауды аяқтар кезде, қабырғалар мен бұрыштарды бойлай жүріп өтеді. Тазалап болғаннан кейін ол заряд алу үшін автоматты түрде док-станцияға оралады.




Құрылғы күту немесе кідіру режимінде болғанда, ол нүктелі тазалау режиміне өту үшін  түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Бұл режимді құрылғының айналасындағы 1,5 × 1,5 м аймағын тазалау үшін пайдаланыңыз. Нүктелі тазалауды аяқтағаннан кейін робот-шаңсорғыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралып, өшіп қалады.



Ескертпе: нүктелі тазалау режимін қосқанда ағымдағы тазалау тапсырмасы аяқталады.

### Тазалау кезінде су қосу немесе сорғышты тазарту

Егер тазалау уақытында сорғышты тазартып алу немесе су резервуарына су құю қажет болса, оны тоқтата тұру үшін кез келген түймені басып, содан кейін ылғалдап тазалау модулін шешіп алыңыз. Су құйғаннан немесе сорғышты тазартқаннан кейін ылғалдап тазалау модулін орнына салыңыз, содан кейін  түймесін басып, тазалауды жалғастыруға болады.

### Қатенің пайда болуы

Егер құрылғының жұмыс істеу уақытында қате пайда болса, қуат көзі индикаторы қызғылт-сары түспен жыпылықтай бастайды да дыбыс хабарламасы естіледі. Проблеманы шешу үшін «Ықтимал проблемалар және олардың шешімі» бөлімін қараңыз.

Ескертпе: қате пайда болғаннан кейін құрылғы 10 минут бойы қимылсыз тұрса, ол ұйқы режиміне өтеді. Егер қате пайда болған уақытта құрылғы док-станцияға орнатылса, ағымдағы тазалау тапсырмасы аяқталады.

### Ұйқы режимі

Құрылғы 10 минут бойы қимылсыз тұрып қалса, ұйқы режиміне автоматты түрде өтеді, ал қуат көзінің және заряд индикаторлары сөніп қалады. Робот-шаңсорғышты іске қосу үшін кез келген түймені басыңыз.

Ескертпе: құрылғы толық зарядталып болмайынша, ұйқы режиміне өтпейді.

### Кесте бойынша тазалау

Сіз тазалауды Mi Home / Xiaomi Home қолданбасының көмегімен жоспарлай аласыз. Робот-шаңсорғыш тазалауды белгіленген уақытта автоматты түрде бастайды және тазалап болғаннан кейін зарядтауға арналған док-станцияға оралады.

### Тазалау режимдері

Mi Home / Xiaomi Home қолданбасында төрт режим бар: жай, стандартты, қарқынды және турборежим. Әдепкі мәні бойынша стандартты режим қойылған.


### «Мазаламаңыз» режимі

«Мазаламаңыз» режимінде құрылғы тазалау жұмысын автоматты түрде бастамайды. Қуат көзі индикаторы өшкен күйінде қалады. Қолданбаның көмегімен «Мазаламаңыз» режимін қосуға немесе оның уақытын баптауға болады.

### Зарядтауға арналған док-станция

Док-станцияны қабырғаның қасындағы тегіс жерге орналастырыңыз. Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын, зарядтау станциясының қапталынан кем дегенде 0,5 м бос кеңістікті және алдыңғы жағынан 1,5 м қашықтықты қамтамасыз етіңіз. Ұялы телефоннан Wi-Fi сигналы жақсы қабылдануы үшін зарядтау станциясын сигнал жақсы қабылданатын аймаққа орналастырыңыз.

Ескертпе: зарядтауға арналған док-станцияны тікелей күн сәулесі астына немесе басқа нысандар сигналы бағыт болатын жерлерге қоймаңыз, өйткені бұл робот-шаңсорғыштың зарядтауға арналған док-станцияға оралуына кедергі келтіреді.




## Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау


### Негізгі щетка

1. Робот-шаңсорғышты аударып, негізгі щетканың қорғанысын алу үшін қысқыштарды қысып басыңыз.
2. Робот-шаңсорғыштан негізгі щетканы алыңыз, содан кейін щетканың мойынтіректерін тазартыңыз.
3. Щеткаға оралып қалған шашты тазартуға арналған құралдың көмегімен алып тастаңыз.
4. Негізгі щетканы салып, содан кейін қорғанысын орнына орнатыңыз және қысқыштарды басып бекітіңіз.

Ескерте: негізгі щетканы апта сайын тазартып тұру және оны 6-12 ай сайын ауыстырып тұру қажет.




### Щетканы тазартуға арналған құралды пайдалану




### Шаң жинайтын контейнер және сүзгі

1. Робот-шаңсорғыштың қаппағын ашыңыз, содан кейін шаң жинайтын контейнерді алу үшін қысқыштарды қысып басыңыз.

Ескерте: апта сайын тазартып тұру қажет.




2. Контейнер қаппағын схемада көрсетілгендей ашыңыз.



### Жуылатын сүзгіні тазарту


1. Контейнер қаппағын суретте көрсетілгендей ашыңыз.

Ескерте: аптасына екі рет тазартып тұру қажет.



2. Контейнерге таза су құйып, қаппағын жабыңыз, оны шайқап, суын төгіп тастаңыз. Бұл әрекетті сүзгі тазарғанша қайталаңыз.


Ескерте: сүзгіні тазарту үшін тек таза суды ғана пайдалану керек. Жұғыш заттарды қолданбаңыз. Сүзгіні щеткамен немесе саусақтармен тазартуға тырыспаңыз.



## Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

3. Сүзгіні схемада көрсетілгендей шығарып алыңыз да, артық суды кетіру үшін оны сілкіп жіберіңіз. Сүзгіні орнына салмас бұрын, оны кептіріп алыңыз.


Ескертпе: сүзгіні пайдаланбас бұрын оны толық құрғатып алу қажет (кем дегенде 24 сағат бойы).



### Жан-жаққа қаратылған дөңгелек

1. Робот-шаңсорғышты аударып, жан-жаққа қаратылған дөңгелекті шешіп алыңыз.
2. Дөңгелек пен осьті шаштан, кірден және басқа да қоқыстан тазартыңыз.
3. Дөңгелекті орнына салып, оны тығыздап қысып басыңыз.


Ескертпе: дөңгелекті сумен шайып жіберіп, ол кепкеннен кейін орнына салу керек.



### Қапталдағы щетка

1. Робот-шаңсорғышты аударыңыз, содан кейін қапталдағы щетканы тазартып алу үшін, оны схемада көрсетілгендей абайлап шығарып алыңыз.
2. Қапталдағы щетканы орнына салыңыз.


Ескертпе: қапталдағы щетканы ай сайын тазартып тұру және оны 3-6 ай сайын ауыстырып отыру керек.



### Ылғалдап тазалауға арналған сорғыш


1. Сорғышты тазарту үшін оны ылғалдап тазалау модулінен шығарып алыңыз.

Ескертпе: ылғалдап тазалауға арналған сорғышты әр пайдаланған сайын тазартып тұру керек.



2. Ылғалдап тазалауға арналған сорғышты жуып, кептіріп алыңыз.


Ескертпе: сорғышты тазартпас бұрын, оны ылғалдап тазалау модулінен шығарып алыңыз және лас суға арналған шығыс саңылаудың кері қарай тегілейтіндігін тексеріп алыңыз. Сорғышты бүлдіріп алмас үшін, оны тым қатты сымлаңыз. Сорғышты пайдаланбас бұрын оны тазартып алу керек. Оны 3-6 ай сайын ауыстырып тұру керек.



### Құрылғы датчиктері

Робот-шаңсорғыштың барлық датчигін жұмсақ матамен тазартыңыз:

1. Құрылғының астыңғы бөлігіндегі төрт құлау датчигі.
2. Алдыңғы бөліктегі инфрақызыл тежеу датчигі.
3. Астыңғы бөліктегі зарядтау контактілері.
4. Астыңғы бөліктегі қозғалыс датчигі.





## Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

### Аккумулятор

Робот-шаңсорғышта тиімділігі жоғары литий-ион аккумулятор блогы бар. Аккумулятордың оңтайлы өнімділігін сақтау үшін оны үнемі зарядтап отырыңыз.

Ескерте: егер робот-шаңсорғыш ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны ажыратып, алып қойыңыз. Тым артық разрядталу әсерінен туындайтын зақымдарды болдырмау үшін, құрылғыны кем дегенде үш айда бір рет зарядтап тұрыңыз.

### Зарядтауға арналған док-станция



Док-станцияның контактілерін жұмсақ матамен тазартыңыз.

### Бағдарламалық құралды жаңарту

Құрылғы жасақтамасын жаңарту үшін мобильді қолданбаны пайдаланыңыз. Жаңартпас бұрын, робот-шаңсорғыш док-станцияда тұрғанына, ал аккумулятор зарядының деңгейі кем дегенде 15 % құрайтындығына көз жеткізіңіз.


Қуат көзі индикаторы БҚ жаңартылған уақытта ақ және қызғылт-сары түспен жылдам ауысып жыпылықтап тұрады.

### Жүйені қайта жүктеу

Түймені басқанда жауап болмаса немесе құрылғыны өшіру мүмкін болмаса, жүйені қайта жүктеп көріңіз. Құрылғыны мәжбүрлеп өшіру үшін  түймесін 6 секунд басып тұрыңыз. Содан кейін оны қосу үшін  түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

### Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

Егер қайта жүктеу амалынан кейін құрылғының қалыпты жұмысы қалпына келмесе, зауыттық баптаулардың қалпына келгені туралы дауыстық хабарлама естілгенше, үшкір заттың (мысалы, түйреуіш) көмегімен бастапқы күйге келтіру түймесін басыңыз.



## Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Егер робот-шаңсорғыш жұмыс істеген уақытында қате туындаса, қуат көзі индикаторы қызғылт-сары түспен жыпылықтай бастайды да дыбыс хабарламасы естіледі. Проблеманы шешу үшін төмендегі кестені қараңыз.

Қате	Шешімі
1-қате: буферге бөтен заттар түсті.	Егер соқтығысып қалудан қорғайтын буфер қысылып қалса, бөтен заттарды шығару үшін оны абайлап ұрып көріңіз. Егер робот-шаңсорғыш жұмыс істемесе, оны басқа аймаққа апарып, қайта қосып көріңіз.
2-қате: дөңгелек жерге тимейді.	Дөңгелек еденге тимейді. Робот-шаңсорғышты тегіс жерге қойып, қайта қосып көріңіз.
3-қате: құлау датчигі ластанған немесе құрылғы жерге тимей тұр.	Робот-шаңсорғыштың бір бөлігі жерге тимей тұр. Робот-шаңсорғышты тегіс жерге қойып, қайта қосып көріңіз. Сонымен бірге бұл қате құлау датчигі ластанғанда пайда болуы мүмкін. Бұл себепті түзету үшін, құлау датчигін тазартыңыз.
4-қате: негізгі щеткаға бөтен заттар тиген.	Негізгі щеткада бөтен зат тұрып қалуы мүмкін. Щетканы алып, оның қылтандары мен мойынтіректерін тазартыңыз.
5-қате: қапталдағы щеткаға бөтен заттар түскен.	Қапталдағы щеткада бөтен зат тұрып қалуы мүмкін. Қапталдағы щетканы алып, оны тазартыңыз.
6-қате: дөңгелекке бөтен заттар оралып қалған.	Негізгі дөңгелектердің біріне бөтен зат тұрып қалуы мүмкін. Дөңгелектерді тазартып, робот-шаңсорғышты қайта қосыңыз.
7-қате: құрылғы тұрып қалды.	Робот-шаңсорғыш ілініп немесе тұрып қалуы мүмкін. Оның айналасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
8-қате: шаң жинайтын контейнер мен сүзгі дұрыс орнатылмаған.	Шаң жинайтын контейнер мен сүзгінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер қате жойылмаса, сүзгіні ауыстырып көріңіз.

9-қате: күшті магнит өрісі бар. Робот-шаңсорғышты виртуалды қабырғадан алысырақ орналастырыңыз.	Робот-шаңсорғыш виртуалды қабырғаға тым жақын тұр. Оны жаңа жерге апарып, қайта қосып көріңіз.
10-қате: зарядтау қатесі.	Док-станция мен робот-шаңсорғыштағы зарядтау контактілерін құрғақ матамен сүртіңіз.
11-қате: аккумулятор проблемасы.	Аккумулятор температурасы тым жоғары немесе тым төмен. Ол қалпына келгенін күтіңіз, содан кейін әрі қарай пайдаланыңыз.
12-қате: шектелген аймақ немесе виртуалды қабырға анықталды.	Робот-шаңсорғышты осы аймақтан шектейтін таспаның көмегімен алып шығыңыз да қайта қосып көріңіз.
13-қате: визуалды навигация датчигі ластанған.	Визуалды навигация датчигін сүртіп, робот-шаңсорғышты қайта қосыңыз.
14-қате: ішкі қате.	Робот-шаңсорғыш ішкі қатенің салдарынан өз жұмысын жалғастыра алмайды. Жүйе баптауларын бастапқы күйге келтіріп көріңіз.

Егер проблема шешілмесе, авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.

## FAQ

Проблема түрі	Шешімі
Робот-шаңсорғыш қосылмайды.	Аккумулятор зарядының деңгейі төмен. Робот-шаңсорғышты док-станцияда зарядтап алыңыз, содан кейін қайталап көріңіз. Қоршаған орта температурасы тым төмен (0 °C төмен) немесе тым жоғары (50 °C жоғары). Робот-шаңсорғыштың жұмыс температурасы 0 °C мен 40 °C аралығында.
Робот-шаңсорғыш зарядталмайды	Қуат док-станция арқылы беріледі. Қуат сымның екі ұшы да дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Әлсіз контакт. Док-станция мен робот-шаңсорғыштың зарядтау контактілерін тазартыңыз.
Робот-шаңсорғыш зарядтауға арналған док-станцияға оралмайды.	Зарядтау құрылғысының айналасында кедергілер тым көп. Зарядтауға арналған док-станцияны барынша ашық жерге орналастырыңыз. Док-станцияның айналасындағы кеңістікті кедергілерден тазартыңыз.
Робот-шаңсорғыш бұзылып қалды.	Робот-шаңсорғышты өшіріп, қайта қосыңыз.
Робот-шаңсорғыштан бөтен дыбыс шығады	Бөтен заттар негізгі щеткаға, қапталдағы щеткаға немесе дөңгелекке түскен. Робот-шаңсорғышты тоқтатып, бүкіл қоқысты алып тастаңыз.
Тазалау тиімділігі төмендеп, артынан шаң қалып қойса	Шаң жинайтын контейнер толған. Оны тазартыңыз. Сүзгі бітеліп қалды. Оны тазартыңыз. Негізгі щеткаға бөтен заттар тиген. Негізгі щетканы тазартыңыз.
Робот-шаңсорғыш Wi-Fi желісіне қосыла алмай тұр.	Wi-Fi сигналы әлсіз. Робот-шаңсорғышты Wi-Fi сигналы күшті аймаққа апарыңыз. Wi-Fi сымсыз желісіне қосылу барысында проблема туындады. Wi-Fi желісінің баптауларын бастапқы күйге келтіріңіз және Mi Home / Xiaomi Home қолданбасының соңғы нұсқасын жүктеп алыңыз, содан кейін қайтадан қосылып көріңіз.

Проблема түрі	Шешімі
Робот-шаңсорғыш жоспарлы тазалау жұмысын орындамайды	Робот-шаңсорғыштық аккумулятор зарядының деңгейі төмен. Аккумулятор зарядының деңгейі кем дегенде 15% құрамайынша, жоспарлы тазалау басталмайды.
Үнемі зарядтау станциясында тұрған құрылғы энергия тұтына ма?	Үнемі зарядтау станциясында тұрған құрылғы энергияның аз көлемін тұтынады, бұл аккумулятордың оңтайлы өнімділігін сақтауға көмектеседі.
Робот-шаңсорғышты алғашқы үш рет пайдаланған кезде оны 16 сағат бойы толық зарядтау қажет пе?	Литий аккумуляторларының жад өсері жоқ, сондықтан робот-шаңсорғышты пайдаланбас бұрын оны толық зарядтау үшін 16 сағат күту қажет емес.
Ылғалдап тазалау модулі су бермейді немесе суды шамалы ғана береді	Су резервуарына су толтырылғанын тексеріңіз, ал қажет болса, сорғышты тазартыңыз. Ылғалдап тазалауға арналған сорғыштың дұрыс орнатылғанына (пайдаланушының нұсқаулығына сай) көз жеткізіңіз.
Ылғалдап тазалау модулі суды тым көп береді	Су резервуары қақпағының жабық жабылғанына көз жеткізіңіз.
Робот-шаңсорғыш заряд алғаннан кейін тазалау жұмысын жалғастырмайды	Робот-шаңсорғыш тазалау жұмысын жасай алмайтын «Мазаламаңыз» режиміне қойылмағанына көз жеткізіңіз. Робот-шаңсорғышты зарядтауды немесе док-станцияға зарядтау үшін апаруды қолмен орындаса, аспап тазалау жұмысын жалғастыра алмайды.
Робот-шаңсорғыш орнын ауыстырғаннан кейін док-станцияға оралмаған жағдайда	Робот-шаңсорғыштың орны ауысқанда оның күйі өзгеруі немесе қоршаған кеңістігінің картасын ауыстыруы мүмкін. Егер робот-шаңсорғыш зарядтауға арналған док-станциядан тыс алыс тұрса, ол оған өз бетімен автоматты түрде қайтып орала алмайды. Мұндай жағдайда құрылғыны док-станцияға қолмен апарып қою керек.

## Сақтық шаралары

Робот-шаңсорғыштың камерасы тазалау кезінде қоршаған кеңістіктегі адамдарды тек навигация мен аймақтау мақсатында ғана түсіреді. Сіздің барлық жеке ақпаратыңыз міндетті түрде деректерді шифрлеу технологиясымен қорғалады.

### Пайдалану шектеуі

- Бұл құрылғы тек үй жағдайында тазалауға арналған. Оны көшеде, коммерциялық немесе өнеркәсіптік үй-жайларда, сондай-ақ еденнен басқа, кез келген басқа бетте пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны қорғайтын тосқауылдары жоқ биік жерлерде пайдаланбаңыз.
- Қоршаған орта температурасы 40°C-ден жоғары немесе 0°C-ден төмен болғанда, сондай-ақ еден бетінде сұйықтық немесе жабысқақ зат болса, робот-шаңсорғышты пайдаланбаңыз.
- Тазалау жұмысын бастамас бұрын, еден бетінде үзіліп қалған немесе аударылып жатқан, сондай-ақ соның салдарынан құрылғы тұрып қалуы мүмкін сымдар мен заттардың жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз.
- Еден бетінде сынғыш немесе ұсақ заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Бұл аспап интеллектуалдық немесе физикалық мүмкіндіктері шектелген адамдардың (соның ішінде 8 жасқа толмаған балалардың), сондай-ақ қолданушының қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың тарапынан аспапты пайдалану мәселелері бойынша бақылау жасау немесе нұсқаулық беру жағдайларынан басқа кезде, жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларға ересектердің қарауынсыз құрылғыны тазалауға және оған күтім жасау бойынша басқа да іс-әрекеттерді орындауға рұқсат беруге болмайды.
- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Робот-шаңсорғыш жұмыс істеп тұрған уақытында балалар мен жануарлардың қауіпсіз қашықтықта тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Щетканы тазалау құралын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Қозғалып тұрған немесе тоқтап тұрған робот-шаңсорғыштың үстіне балаларды, жануарларды отырғызбаңыз және қандай да бір заттарды қоймаңыз.
- Робот-шаңсорғыштың соратын саңылауына шаштың, саусақтардың және басқа да дене мүшелерінің кіруіне жол бермеңіз.
- Робот-шаңсорғышты тез тұтанатын сұйық заттарды тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Робот-шаңсорғышты қатты және өткір заттарды тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Робот-шаңсорғышты тазалау және техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген әрекеттерді орындамас бұрын, шаңсорғыштың және док-станцияның өшкенін және қуат көзінен ажыратылып тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Құрылғыны және оның бөлшектерін тазарту үшін сұйықтықтарды немесе ылғал шүберекті пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз. Пайдаланушы құрылғыны дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған кез келген залалдар мен зақымдар үшін өзі жауапты болады.

Аккумулятор және зарядтау құрылғысы

- Бөтен аккумуляторды, зарядтау құрылғысын немесе зарядтауға арналған док-станцияны пайдаланбаңыз. Құрылғыны тек CDZ1902 қуат блогымен ғана пайдаланыңыз.
- Аккумуляторды немесе док-станцияны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз және түрлендірмеңіз.
- Док-станцияны жылу көзінің қасына қоймаңыз.
- Зарядтау контактілерін ылғал шүберекпен немесе ылғал қолмен сүртпеңіз және тазартпаңыз.
- Пайдаланылған батареяларды тастамаңыз. Батареялар жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.
- Зақымданған қуат сымы немесе ашасы бар құрылғыны пайдаланбаңыз. Қуат сымын ауыстыру үшін авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тасымалдамас бұрын робот-шаңсорғыштың өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз және мүмкіндігінше түпнұсқа қорапта сақтаңыз. Егер робот-шаңсорғыш ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, оны толығымен зарядтап, өшіріңіз де құрғақ салқын жерде сақтаңыз. Аккумулятор шамадан тыс разрядталмауы үшін робот-шаңсорғышты кем дегенде 3 айда бір рет зарядтап тұрыңыз.
- Бұл құрылғы аккумулятор блогымен жабдықталған, оны тек білікті техникалық мамандар немесе авторизацияланған сервис орталығының мамандары ғана ауыстыруы тиіс.

## Техникалық сипаттамалар

### Робот-шаңсорғыш

Үлгісі	STYTJ01ZHM
Өлшемі	353 x 350 x 81,5 мм
Аккумулятор	14,4 В --- /2400 мА·сағ (номиналды сыйымдылығы)
Таза салмағы	3,6 кг
Сымсыз қосылу	Стандарты: Wi-Fi IEEE 802.11b/g/n 2,4 ГГц Жіліктер диапазоны: 2400–2483,5 МГц Максималды қуаты: < 100 мВт
Номиналды кернеуі	14,4 В ---
Номиналды қуаты	40 Вт

### Зарядтауға арналған док-станция

Үлгісі	CDZ1902
Өлшемі	130 x 126 x 93 мм
Номиналды кіріс кернеуі	100-240 В ~ 50/60 Гц 0,5 А
Номиналды шығыс кернеуі	19,8 В --- 1 А

## Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнату немесе тұрақты түрде бекіту амалын қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C мен 40 °C аралығындағы ауа температурасында және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануға себеп болатын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы ұқыпты қолдануды, шаң, кір, соққылар, ылғал, от және тағы басқаның әсерінен қорғауды талап етеді.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны күнделікті тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес ары қарай қайта өңделуі және кәдеге жаратылуы үшін, электр әрі электрондық құрал-жабдықты қабылдайтын тиісті орындарға кәдеге жаратуға тапсырылуы тиіс.  
Осы өнімді дұрыс кәдеге жарата отырып, табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және дұрыс қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келуі ықтимал зиянның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орны туралы толық ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты тиеп әкететін кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақауын анықтаған жағдайда, авторизацияланған сервис орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік берілген мерзім ішінде құрылғының үзіліссіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинақтамасында ақаулардың жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге, бұйым пайдаланушының нұсқаулығына сай пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімінің ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жатады. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру өкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Мекенжай бойынша сервис орталықтарының өзекті тізімі:  
<https://www.dns-shop.nj/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.



## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дрим Тэкнолоджи (Тяньцзинь) Лимитед.  
К. 2112-1-1, оңтүстік аудан, Файнэнс энд Трэйд Сентер, Ячжоу 6975 тас жолы, Дунцзян Бондид Порт аймағы, Тяньцзинь эксперименталды еркін сауда аймағы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:  
• КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;  
• КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарындағы қауіпті заттардың қолданысын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.  
СБ: МІ.  
Өнімнің сыртқы түрі мен сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала хабарламастан өзгертілуі мүмкін.



Тауардың шығарылған күні қаптамада көрсетілген.